

## Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP19676515 «Әл-Фараби мен түркі ғұламаларының мұрасындағы ізгі адам: компаративистік дискурс» (0123PK00489)
Жоба өзектілігі	<p>Әл-Фараби мен түркі ғұламаларының мұрасын теориялық-әдіснамалық тұрғыдан зерттеудің философиялық, әлеуметтік, тарихи-педагогикалық маңызы зор. Әр кезеңдегі қоғамдық қажеттіліктерге сәйкес ізгі адам тәрбиелеу мен қалыптастырудың мәні мен мазмұны өзгеріп отырады. Әл-Фараби мен түркі ойшылдарының адам мәселесіне қатысты идеяларын негізгі ала отырып, түркілік тұтастық теориясын зерделеу мақсат ретінде алынып отыр. Жобада отырарлық ойшылдың мұрасымен қатар түркілік болмыс пен мінездің бүгінгі көрінісі ретінде қазіргі түркі елдерінің өркениеттегі орны мен жетістіктері қарастырылады.</p> <p>Кешенді зерттеулер нәтижесінде әл-Фараби мен түркі ғұламаларының мұрасындағы түркі халықтарына ортақ руханият, этномәдениет, дін философиясы, тәрбие туралы жаңа білімге қол жеткізіледі; мәдениет, тәрбие, білім беру, ақпараттандыру салаларына практикалық ұсынымдар әзірленеді; ізгілендіру, руханиятты дамыту мәселелері бойынша жаңа ғылыми деректер алынады.</p>
Жоба мақсаты	Әл-Фараби мен түркі халықтарының мұрасындағы ізгілік, кемел адам, көшбасшылық, тұлғалық қалыптасу мәселелерін зерттеу
Жоба міндеттері	<ul style="list-style-type: none"><li>• Ортағасырлық ислам ойшылдығының әлемдік өркениетке қосқан үлесін заманауи дискурс тұрғысынан талдап, негізгі бағдарларына компаративистикалық талдау жасау;</li><li>• Ортағасырлық араб-мұсылман мәдениеті мен түркі дүниетанымындағы адам мәселесін зерттеу;</li><li>• Отырарлық ойшыл әл-Фараби мұрасындағы адам, «инсән кәмил» мәселесін, адамның бақытқа жету жолындағы жетілу баспалдақтарын зерделеу;</li><li>• Түркі ғұламаларының мұрасындағы адам онтологиясы, адамдық ұғымдары, кісілік құндылықтар мәселесін, гуманистік идеялар ерекшеліктерін талдау;</li><li>• Әл-Фараби мен түркі ғұламаларының еңбектеріндегі ел басқарушы тұлғасын талдау негізінде көшбасшылық ұғымын анықтау, көсемдердің идеалды модельдеріне салыстырмалы зерттеу жасау;</li><li>• Әл-Фараби мен түркі ойшылдарының еңбектерінің негізінде кемел адам, мінсіз тұлға қалыптастыруға бағытталған құндылықтар жүйесін талдау;</li><li>• Түркі ғұламаларының мұрасындағы адам мәселесін «кемел адамның» онтологиялық бітімін анықтау негізінде тұжырымдау;</li><li>• Әл-Фараби мен түркі ғұламаларының мұрасындағы жалпыадамзаттық құндылықтар ұғымын зерделеу, оның генезисі мен эволюциясын, құрылымдық-функционалдық негіздерін анықтау;</li><li>• Тарихи-жүйелік ұстаным бойынша әл-Фараби мұрасы мен түркі халықтарының этнопедагогикасындағы көшбасшы</li></ul>

	<p>тәрбиелеу қағидаларының байланысын және тарихи-шығу тектік шарттарын айқындау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Әл-Фараби мен түркі ғұламаларының ізгі адам туралы идеяларына жүргізілген компаративистикалық дискурс негізінде түркілік тұтастық идеясын жүзеге асыруға теориялық негіздемелер ұсыну.</li> </ul>
<p>Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер</p>	<p>Ортағасырлық ислам ойшылдығының әлемдік өркениетке қосқан үлесін заманауи дискурс тұрғысынан талдап, негізгі бағдарларына компаративистикалық талдау жасау. Ортағасырлық араб-мұсылман мәдениеті мен түркі дүниетанымындағы адам мәселесін зерттеу.</p> <p>Шаралар: Мәдени-философиялық тұжырымдар ғылыми пайымдалады; теориялық материалдар жүйеленеді, зерттеледі. Түрлі форматтарда (талқылаулар, сұхбаттар, талдамалық зерттеулер, т.б.) пәнаралық зерттеулер жүргізіледі</p> <p>Отырарлық ойшыл әл-Фараби мұрасындағы адам, «инсән кәмил» мәселесін, адамның бақытқа жету жолындағы жетілу баспалдақтарын зерделеу және түркі ғұламаларының мұрасындағы адам онтологиясы, адамдық ұғымдары, кісілік құндылықтар мәселесін, гуманистік идеялар ерекшеліктерін талдау.</p> <p>Шаралар: Адам онтологиясы, адамдық ұғымдары, кісілік құндылықтар мәселесінің жаһандық өркениеттегі орны зерделенеді, тарихи динамикасы ретроспективтік тұрғыда талданып, жүйеленеді; салыстырмалы тұрғыда пайымдалады.</p> <p>Әл-Фараби мен түркі ғұламаларының еңбектеріндегі ел басқарушы тұлғасын талдау негізінде көшбасшылық ұғымын анықтау, көсемдердің идеалды модельдеріне салыстырмалы зерттеу жасау.</p> <p>Шаралар: Салыстырмалы аспектіде талдау арқылы көсемдердің идеалды моделінің өзіндік артықшылықтары мен әлсіз тұстары анықталады.</p> <p>Әл-Фараби мен түркі ойшылдарының еңбектерінің негізінде кемел адам, мінсіз тұлға қалыптастыруға бағытталған құндылықтар жүйесін талдау және түркі ғұламаларының мұрасындағы адам мәселесін «кемел адамның» онтологиялық бітімін анықтау негізінде тұжырымдау.</p> <p>Шаралар: «Кемел адам» ұғымына концептуалдық талдау жасалады. Жекелеген ұлттардың даму тарихындағы қоғамға елеулі өзгеріс әкелген әйгілі тұлғалардың мұрасы іріктеліп зерттеледі. Зияткер қоғам қалыптастыруға мейлінше ықпалды туындылар шоғыры жүйеленеді. Ілгерішіл идеяларды мұрат тұтатын ізденімпаз тұлғаны тәрбиелеудің әлемдік өркениет кеңістігіндегі тәжірибесі сараланып, үздік мәдени трендтер анықталады.</p> <p>Әл-Фараби мен түркі ғұламаларының мұрасындағы жалпыадамзаттық құндылықтар ұғымын зерделеу, оның генезисі мен эволюциясын, құрылымдық-функционалдық негіздерін анықтау.</p> <p>Шаралар: Зерттеулер нәтижесінде жалпыадамзаттық құндылықтар туралы жаңа білімге қол жеткізіледі, «кемел</p>

	<p>адам» контексінде зияткерлік ойды қалыптастыруға үлес қосатын нақты нәтижелер ұсынылады</p> <p>Әл-Фараби мен түркі ғұламаларының ізгі адам туралы идеяларына жүргізілген компаративистикалық дискурс негізінде түркілік тұтастық идеясын жүзеге асыруға теориялық негіздемелер ұсыну.</p> <p>Шаралар: Кешенді зерттеулерді орындау нәтижесінде адамзаттың прогрессивті құндылықтарын сақтап, дамытудағы және ілгерілетудегі түркілік тұтастық идеясын қалыптастыруға және жүзеге асыруға үлес қосатын нақты негіздемелер ұсынылады.</p> <p>24 қазан 2023 жыл «ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫНДАҒЫ ІЗГІ АДАМ, ҚАЙЫРЫМДЫ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЭТИКА» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылып өткізілді, конференциялар материалдарының электрондық жинағы дайындалды.</p>
<p>Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Омирбекова Алия Омирбековна, филос.ғ.к., H-index – 1; ORCID 0000-0002-6243-01175, Scopus Author ID 57208206025.</li> <li>2. Курманалиева Айнур Дурбеленовна, филос.ғ.д., профессор. H-index – 2; Scopus ID 57191406408; <a href="https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191406408">https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191406408</a> Orcid <a href="https://orcid.org/0000-0001-5299-2695">https://orcid.org/0000-0001-5299-2695</a>; Researcher ID N-4451-2014 ; <a href="https://publons.com/researcher/2471202/ainura-d-kurmanaliyeva/">https://publons.com/researcher/2471202/ainura-d-kurmanaliyeva/</a></li> <li>3. Байтенова Нагима Жаулыбаевна, филос.ғ.д., профессор. H-index – 1; ResearcherID: CFE-2505-2022, ORCID 0000-0002-8318-4196, Scopus Author ID 37106274800</li> <li>4. Балтымова Мира Рашидовна, филол.ғ.к., қауымдастырылған профессор, H-index – 3 (Scopus); ORCID: <a href="https://orcid.org/0000-0002-2758-8436">https://orcid.org/0000-0002-2758-8436</a>, Scopus Author ID: 57191108642; Researcher ID Web of Science: DVX-1219-2022</li> <li>5. Дүйсенбаев Абай Кабакбаевич, пед.ғ.к., доцент, H-index – 3 (Scopus); ResearcherID: AAO-6483-2020, ORCID 0000-0001-9144-2020, Scopus Author ID 56100055600</li> <li>6. Мейрбаев Бекжан Берикбаевич, филос.ғ.к., қауымдастырылған профессор, H-index – 0; ORCID 0000-0002-3543-6096, Scopus Author ID 57191404000</li> <li>7. Аликбаева Маржан Башановна, филос.ғ.к., H-index – 1 (Scopus); ORCID: <a href="https://orcid.org/0000-0002-7228-663X">https://orcid.org/0000-0002-7228-663X</a>; Scopus Author ID: 57208210390; Researcher ID: O-2196-2014</li> <li>8. Жамашев Азамат Шутбаевич, PhD, H-index – 0; ResearcherID: EIC-2071-2022, ORCID 0000-0002-5330-9437, Scopus Author ID 57214683295</li> <li>9. Байжума Самет, магистр, H-index – 0; ResearcherID: ADN-5185-2022, ORCID 0000-0001-7748-5438</li> </ol>
<p>Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)</p>	<p>1. Ә. Өмірбекова, А. Дүйсенбаев*, М. Балтымова. Әл-фараби және түркі ғұламаларының мұрасындағы ізгі адам идеясы // ҚазҰУ Хабаршы. Дінтану сериясы. - Алматы: Қазақ</p>

университеті, 2023. - №3 (35). - 40-47 бб. <https://bulletin-religious.kaznu.kz/index.php/relig/article/view/586>

2. А. Хаван, Н.Ж. Байтенова, А.Д. Курманалиева, С. Байжума. ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ТҮРКИЯ ҚОЛЖАЗБА ҚОРЛАРЫНЫҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ // ҚазҰУ Хабаршы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. - Алматы: Қазақ университеті, 2023. - №3 (85). - 25-32 бб. <https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/index.php/1-pol/article/view/1573>

3. Мейрбаев Б.Б. Қазақстандағы фарабитану // «ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫНДАҒЫ ІЗГІ АДАМ, ҚАЙЫРЫМДЫ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЭТИКА» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. - Алматы, 24 қазан 2023 жыл. - 49-57 бб. <https://al-farabi.kaznu.kz/wp-content/uploads/2023/11/Sbornik-24.10.2023.pdf>

4. Baizhuma S. Spirituality in the works of Al-Farabi and Religion // «ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫНДАҒЫ ІЗГІ АДАМ, ҚАЙЫРЫМДЫ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЭТИКА» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. - Алматы, 24 қазан 2023 жыл. - 65-68 бб. <https://al-farabi.kaznu.kz/wp-content/uploads/2023/11/Sbornik-24.10.2023.pdf>

5. Жамашев А.Ш., Елеусызбаева Н.М. Қайырымды қала қоғамының ұстанымдары мен заманауи парадигмалары // «ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫНДАҒЫ ІЗГІ АДАМ, ҚАЙЫРЫМДЫ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЭТИКА» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. - Алматы, 24 қазан 2023 жыл. - 109-115 бб. <https://al-farabi.kaznu.kz/wp-content/uploads/2023/11/Sbornik-24.10.2023.pdf>

6. Өмірбекова Ә.Ө, Аликбаева М.Б., Бөрібай А.А. Даналық пен әділеттілік шамы: әл-Фараби іліміндегі этика мен ізгілік // «ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫНДАҒЫ ІЗГІ АДАМ, ҚАЙЫРЫМДЫ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЭТИКА» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. - Алматы, 24 қазан 2023 жыл. - 157-164 бб. <https://al-farabi.kaznu.kz/wp-content/uploads/2023/11/Sbornik-24.10.2023.pdf>

7. Өмірбекова Ә.Ө., Әлікбаева М.Б. А.Х. Қасымжанов философиясындағы Әбу Насыр әл-Фараби шығармашылығы // «ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫНДАҒЫ ІЗГІ АДАМ, ҚАЙЫРЫМДЫ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЭТИКА» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. - Алматы, 24 қазан 2023 жыл. - 445-454 бб. <https://al-farabi.kaznu.kz/wp-content/uploads/2023/11/Sbornik-24.10.2023.pdf>